



201 _____ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

« _____ » _____ 201 _____ г.

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2019 жылғы 14 қарашадағы
№ ДС-177 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің ұйғыр этникалық ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету шараларын қабылдауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында әлемдегі бірінші әрі жалғыз ұйғыр халқының Қ. Қожамияров атындағы мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия драма театры жұмыс істейді.

Оның кадрлық құрамы үнемі толықтырылып отырады. Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында бірнеше актерлар тобы ұйғыр ұлттық курсы тәмамдаған және қазіргі уақытта театрда қызмет атқарып келеді.

Сонымен бірге 1982 жылы П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінде «Ұйғыр халық аспаптары» секциясы ашылған болатын. Секцияда 10 адам білім алады: олардың үшеуі - орыс тобында, қалғаны - қазақ тобында. «Ансамбль» пәні бойынша оқытушы Манашев Сабыржан ұйғыр тілінде сабақ өткізеді, басқа оқытушылар студенттердің қалауы бойынша қазақ тілінде дәріс жүргізеді.

Бұдан бөлек, Алматы облысы мен Алматы қаласында жалпы білім беретін 62 мектеп бар: оның ішінде 11-і тек ұйғыр тілінде сабақ беретін мемлекеттік мектептер. Оқушылар саны 6171 және ұйғыр тілінде білім алатын 9 772 адамды қамтитын 51 аралас мектеп жұмыс істейді.

Бұл ретте, Алматы облысында «Ұйғыр тілі және әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша кадрлар даярлауды Жаркент гуманитарлық техникалық колледжі жүзеге асырады, онда ағымдағы оқу жылында аталған мамандық бойынша 92 адам білім алуда. Колледжді 2018 жылы 18 адам, 2019 жылы 24 адам тәмамдады.

Ұйғыр мектептерінің кадрларға деген қажеттілігі толық көлемде қамтамасыз етілуіне байланысты қазіргі таңда кадрлық тапшылық байқалмайды.

Сонымен бірге, елімізде тұратын барлық этностар үшін өздерінің этномәдени орталықтарын, жексенбілік мектептерін құруға заң жүзінде құқық берілген. Этномәдени орталықтар елде тұрып жатқан барлық этностық топтар үшін тілдерін, мәдениетін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын жандандыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

Талапкерлердің ұйғыр бөліміне түсуі кезінде ұлттық бірыңғай тестілеуден өтуімен бірге эссе жазуына қатысты

Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) жоғары оқу орындарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны болып табылады. ҰБТ өткізу қағидаларына сәйкес түсушілер ҰБТ-ны қалауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде тапсырады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес меншік нысандарына қарамастан білім беру ұйымдары білім алушылардың (*оқушылардың, студенттердің, магистранттардың және т.б.*) мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етуі тиіс.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты принциптерінің бірі баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі болып табылады.

Сол себепті, үміткерлердің ҰБТ-мен бірге ұйғыр тілінде эссе жазуды енгізу заңнама ережелеріне қайшы келеді.

Азаматтардың білім алуға теңдігі республикалық білім беру гранттарын беру конкурсына ҰБТ сертификатының балдарына сәйкес қатысумен жүзеге асырылады.

Аралас мамандықтар бойынша кадрлар дайындауға (ұйғыр тілі + қазақ тілі + шет тілі + тарих, оның ішінде бастауыш сынып) қатысты

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) еліміздің индустриалдық-инновациялық даму басымдылықтарына, салалық және өңірлік кадрлық қажеттілікке және мемлекетіміздің экономика салаларына кадрлық қажеттіліктердің мерзімді болжамының негізінде қалыптастырылады.

Қазірге кезде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (бұдан әрі – ҚазҰПУ) «5В021020-Шетел филологиясы: ұйғыр тілі» мамандығында (бұрын соңды түскен) 12 студент білім алуда.

2018 жылдан бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде, жоғары оқу орындарына оқу процесін ұйымдастыру және басқару мәселелері бойынша академиялық дербестік берілді.

Осыған байланысты, жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын дербес өздігімен әзірлеп, бекітуге және жүзеге асыруға құқылы.

Ағымдағы жылы білім беру бағдарламалары техникалық және мазмұндық сараптамадан өткізілді. Білім беру бағдарламаларының реестріне: ҚазҰПУ-да жүзеге асырылатын «Ұйғыр тілі және әдебиет-география» және «Ұйғыр тілі және әдебиет-ағылшын тілі» білім бағдарламалары енгізілді.

«Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларына (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген*) сәйкес, білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу кезінде, үміткерлер жоғары оқу орнын және білім беру бағдарламаларының тобын өздері тандайды.

Сондай-ақ, 2017 жылдан бастап жергілікті атқарушы органдарға кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырысты бөлу құқығы берілген. Ол өңірге қажетті кадрларды тапсырысқа сәйкес даярлауға мүмкіндік береді.

Жалпы көрсетілген мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Б. Сапарбаев